



Қазақстан қор биржасы  
Казахстанская фондовая биржа  
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы  
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж  
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

19 тамыз 2020 жыл

### **KASE "WEB-QUOTES" клиенттері үшін төлеудің электронды әдісін іске қосты**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE немесе Биржа) Биржаның "Web-Quotes" ақпараттық өнімінің клиенттері үшін төлеудің электрондық әдісін іске қосқаны туралы хабарлайды.

Ақпараттық өнімді пайдаланушы жеке тұлғалар, кез келген банктік төлем картасын қолданып, KASE сайтындағы жеке кабинетінде төлем жасай алады. Пайдаланушы меншікті ақшаларынан басқа, қызметті пайдалану мерзімдерін және төлемнің мерзімділігін көрсетсе болғаны, төлеу сомасы автоматты түрде есептеледі.

"Web-Quotes", KASE [www.kase.kz](http://www.kase.kz) интернет сайты арқылы қаржы құралдарымен өткізілетін сауда-саттықтар барысы туралы ақпараттарды нақты уақыт тәртіптемесінде қарауға рұқсаттама беретін, Биржаның ақпараттық өнімі болып табылатынын еске саламыз.

#### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) - Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. ТМД биржалары арасында KASE бағалы қағаздармен сауда жасау бойынша екінші орында және FEAS қор биржаларының нарықтық капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орында

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығындағы операциялар - репо және своптар, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуразиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтардың мүшесі, сондай-ақ "Биржалар тұрақты даму үшін" БҰҰ Бастамасының қатысушысы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.